

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**G•GLOBAL**

Х Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ  
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ  
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының

**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**I БӨЛІМ**

15 маусым 2017ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых

**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ  
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ  
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ I**

15 июня 2017г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars

**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE  
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED  
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

**PART I**

15 June 2017

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)  
ББК 65.01  
Ә53

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макъш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

**Ә53** Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.

**Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.

**Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities »** Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-996-31-870-2  
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-996-31-870-2  
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330.(063)

реализации, механизма контроля и исследования результатов деятельности (организация статистики, ведомственных исследований); создание благоприятных условий для туризма, координация действий различных компаний, организаций и обществ для формирования соответствующей инфраструктуры, дружественной окружающей среды; поддержка туризма и маркетинга через стимулирование инноваций и кооперации, формирование привлекательного образа страны (особое значение имеет "создание уникального имиджа национального туризма").

И так, многие государства создают специальные национальные организации для продвижения различного рода инноваций в туризме - ОМТН (организации, занимающиеся маркетингом туристских направлений по терминологии Всемирной туристской организации: Visit Britain, Tourespana, Polska Organizacja Turystyczna и др.). Государственный сектор все чаще обращается к информационным технологиям и Интернету как средствам продвижения своего продукта - туристского направления и важнейшим инструментом для достижения этой цели являются электронные информационные и коммуникационные технологии.

В заключении хочется сказать, что «Инновации» – это медленный процесс, и многие современные компании своим лидирующим положением обязаны поколениям, которые работали на будущее несколько десятков лет назад. Благодаря своим сегодняшним нововведениям многие малоизвестные компании станут лидерами в обозримом будущем. Сознательный упор на инновации больше всего необходим там, где технологические изменения наименее эффективны. Например, развитие и выживание туристской компании зависит от введения новых и совершенствования традиционных видов туризма, постоянного поиска лучших и более экономичных способов продвигать и продавать туристский продукт, улучшать его качество. Важным является изучение теоретических положений и практического опыта в области создания и внедрения инноваций.

#### **Литература:**

1. Горбунов, В. Л. Инновационное предпринимательство и условия его развития [Текст] // Матер.междунар. форума «Инновационные технологии и системы» / В. Л. Горбунов: – Минск: ГУ «БелИСА», 2006
2. Асаул, А. Н. Организация предпринимательской деятельности.[Текст] Учебник / А. Н. Асаул. – СПб.: АНО ИПЭВ, 2009.
3. <http://www.ek-lit.org/>

#### **ҰЛЫТАУ- РУХАНИ ӨЛКЕ**

*Абдраманова Г.Қ, Ерболатова Қ.Е*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,  
Қазақстан Республикасы  
E-mail: agk2009@mail.ru

Мемлекетіміздің елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» атты жолдауының негізгі мақсаты рухани байлығымызды байыта отырып, әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу және де паш ету. Ұлттық жаңғырту деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жолдауы бойынша: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы

керек. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі.

Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз. Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мазарын, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі. Сондықтан, мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз.» Атаулы жобада елбасы негізгі үш мәселені міндет етті. Солардың бірі мәдени маңыздылығы тұрғысынан жаһандық ауқымдағы құндылықтарды, ішкі және сыртқы мәдени туризм негізінде халықты қастерлі мұраға сүйемелдеу [1].

Осы ауқымды жобаны іске асырудағы рухани құндылықтарымыздың негізі қалыптасқан киелі атамекеніміз, бұл - Ұлытау. "Ұлытау – әрбір қазақ баласы үшін қасиетті мекен. Бұл жер біздің ата-бабаларымыз-ғұндардың, көк түріктердің, Алтын орданың орталығы болған. Өзінің тұрған жері – Қазақстанның кіндік ортасы.

Тарихын білмеген ұлттың болашағы да бұлыңғыр болуы мүмкін. Мысалы, керемет үлкен еменнің тамыры терең болмаса, ол дауылға шыдап тұра алмайды. Сондықтан тарихымызды тану үшін қазір көп нәрсе жасап жатырмыз. Сондай тарихтың куәгері - Ұлытау. Оны білуіміз керек. Ол қасиетті мекен ретінде бағалана береді. Ұлытау келешекте туризм орталығы болып, халқымыз келіп тәу ететін қастерлі жер болып қала береді. Мұнда Жошы ханның ордасы болған деп те айтайды. Жошының қазасын естірткен кезде «Ақсақ құлан» деген күй шыққан. Бұл мекеннің осындай кереметтерін тани білуіміз керек."- Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Еуразияның көшпенділер тарихында Ұлытау өлкесі көшпенділер өркениетінің эпицентрі іспеттес қасиетті мекеннің бірі болып саналады. Кесенелердің, тастағы суреттердің, үңгірлердің, ежелгі қалалардың, тарихи және аңызды тарихтардың, әртүрлі діни ғимараттардың жинақталған жері болғандықтан, Ұлытау қазақ жерінің кіндігі және қазақ ұлтының бесігі болып табылады. Дәл осы Ұлытауда хандарды ақ киізге көтеріп хан сайлаған. Жошы хан, Алаша хан, Темірлан, Едіге Әмір, Тоқтамыс хан, Кенесары хан, Әлкей Марғұлан, Шоқан Уалиханов, Қаныш Сәтбаев- Қазақстан тарихы мен әлем тарихында маңызы бар осы барлық есімдер мен басқа да есімдер тікелей Ұлытаумен байланысты. Аталған аймақ Қазақстанның барлық тарихы ежелгі уақыттан бастап үздіксіз байланыста болған.

Қазіргі кезде Ұлытау ауданының аумағында Ұлытау табиғи қаумалы орналасқан. Ұлытау ауылынан батысқа қарай тауды жерді алып жатыр (алдағы уақытта оның базасында ұлттық табиғи парк құрылуы мүмкін). Себебі, Ұлытау жері ежелден хан қорығы, яғни ешқандай жүз иелік ете алмаған қасиетті ортақ аймақ болып есептелген.


«Ұлы» сөзінің түркі тіліндегі мағынасы «Аса құдіретті», «Құдай», «Тәңір» дегенді білдіреді. Демек Ұлытау–құдайдың назары түскен, Құдаймен тілдесетін орын саналатын тау. Бұл ұғым ынтымақ бесігі саналатын тауларға деген тағзым ету ғұрпынан бастау алады. Осы тұрғыда қарар болсақ, Ұлытауды көптеген ел мәдениетіндегі киелі жер саналатын: Фудзияма (Жапония), Белуха(Алтай), Сулеймен Тоо (Қырғызстан) Арарат (Армения), Мұса тауы (Египет), Сан –Франциско (АҚШ, Аризона) сияқты таулармен тең қоюға болады.



Жетікыз өзендерінің бойларында тұр. Ұлытау ауданының тарихи-мәдени ескерткіштерінің тізімінде 7 республикалық маңызы бар, 23 жергілікті маңызы бар ескерткіштер орын алған [2,3]. Өлке тарихын зерделеу, танымалдығын арттыру, тың деректер мен жаңа жәдігерлерді жинау мақсатында жыл сайын «Өлкетану» экспедициясы ұйымдастырылып келеді. Жәдігерлерді қайта қалпына келтіру, жаңғырту жұмыстары кәсіби деңгейде жүргізіледі. Сонымен қатар, Ұлытау ауданында жыл сайын «Ұлы даланың Ұлытауы», «Бұланты шайқасы», «Алтын Орда» атты тақырыптар бойынша ғылыми –зерттеу жұмыстары жүргізілуде [2].

Аудан территориясында 700 ден жоғары тарихи ескерткіштер бар, олардың 282-сі «Ұлытау» мұражайының тарихи-мәдени карта қорына еңгізілген. Олардың ішінде әлемдік маңызға ие мынадай ескерткіштер бар: Жошы Хан (XIIғ.), біздің э.д. VIII-XIII ғ. жататын Алаша Хан, Домбауыл, Басқамыр, Аяққамыр, Алтыншоқы (XIIғ.), Хан Ордасы (XV), Ерден, Едіге, Сандыбай кесенесі. [4]

Ұлытау ауданының қорық-мұражайы бойынша экскурсиялар саны (бірлік)



2 - Сурет – Ұлытау ауданының қорық-мұражайы бойынша экскурсиялардың саны (бірлік)

Ұлытау ауданының қорық-мұражайы бойынша экскурсиялардың саны екі жыл көлемінде 83 бірлікке артты. Бұл шағын аудан үшін жақсы көрсеткіштердің бірі болып табылады. 2016 жылғы деректер бойынша негізгі қордың жәдігерлер саны 1952 бірлікті, жыл ішінде көрмеге қойып көретілетін жәдігерлер саны 8 бірлікті, жыл ішінде келіп түскен жәдігерлердің саны 112 бірлікті, дәрістердің саны 44 бірлікті құрайды.



3 - Сурет - «Ұлытау» селосы бойынша экскурсиялық бағыттар [2]

Ұлытау ауданының қорық-мұражай қызметкерлері туристік кластерді дамыту мақсатында жаңа туристік бағыттар әзірлеумен шұғылданды. Олар: «Ұлытау» селосы бойынша экскурсиялық бағыттар мен өзге елдерге Ұлытау тарихының танымалдылығын арттыру мақсатында елдің түкпір түкпірінде және шет ел мемлекеттерінде фотокөрмелер өткізу болып табылады. Қазіргі кезді Ұлытау елді мекенінің таныту мақсатында көптеген шетелдік және отандық көрмелер ұйымдастырылып жатыр. Ұлытау ауданының тыс жерлерде өткізілген көрмелер саны осыдан он жылғы бұрын деректермен салыстырғанда 18 бірлікке артқан. Бұл көрмелер жылына кем дегенде бір рет өткізуді мақсат етеді. Себебі, жоғарыда айтып кеткеніміздей Ұлытау тарихы кең елді мекен. Бұл елді мекенге көрмелердің арқасында тек қана Қазақстан азаматтары ғана емес, сонымен қатар шет елді мекендерде аса қызығушылық танытуда. Ұлытауды шетелге таныту қорық-мұражайында қызмет етушілердің шетелдегі әртүрлі өткізілетін конференциялар мен семинарлар, оқыту курстарының белсенді жұмыс жасауының арқасында. Бүгінгі таңда Ұлытау ауданы кем дегенде 28 шетел мемлекеттеріне танылғанына мәлім [2].

Ұлытау аймағының сырттан келетіндер туризмімен қоса, ішкі туризмді дамытудағы әлеуеті жоғары. Түрлі кезеңдердің тарихи- мәдени нысандары, сонымен қатар биологиялық және ландшафтық әртүрлілік бай елді мекен саяхаттарды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Ұлытау ауданында 3 қонақ үй жұмыс істейді. Аудандық мәслихаттың 21 сәуір 2010 жылғы №220 шешімімен «Ұлытау-қазақтың ежелгі Астанасы» бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарлама республикалық және жергілікті бюджеттің, сонымен қатар демеушілік көмектің жалпы сомасы 220 млн 650 мың теңгесін қамтуды қарастырған [5].

Рухани жаңғыру үшін қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін таныту мақсатында өңірде «Терісаққан көктемі» этнофестивалі ұйымдастырылып отырады. Оған АҚШ-тан, Франция, Албания, Ресейден қонақтар келіп тұрады. 2014 жылы мұнда ЮНЕСКО ұйымының материалдық емес мұраларын қорғау комиссиясының өкілдері болып кетті. Басқа елден келушілер бай мәдениет пен қазақтардың қонақжайлылығына өздерінің ризашылығын білдірді.

Ұлы Даланың тарихи келбетінен көрініс беретін шежірелі өлкеде Ұлытаудың тау сілемдерімен жалғасып жатқан Арғанаты таулары. Жақсы Арғанаты болып екіге бөлінеді. Арғанаты адырларының ішінен еңсесі биік, көлемі үлкен Желдіадыр. Осы адырдың қойнауынан бастау алатын Терісаққан өзені. Ұлытау аймағында өзендердің бірі оңтүстікке, бірі батысқа,бірі шығысқа бет түзесе, солтүстікке қарай жөңкіле ағатын жалғыз өзен - Терісаққан өзені. Терістікке қарай бет алғандықтан бұл өзенді ата-бабаларымыз «Терісаққан» деп атаған [6].

Терісқан - көне заманнан ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты жоғалтпай, сақтап келе жатқан, қаймағы бұзылмаған шағын ғана ауыл. Мамыр айының екінші жұлдызы, қатаң қысты өткізген ауыл халқы үшін көктемнің алғашқы ұлттық мерекесі саналады. Ғасырлар бойы сақталып, жалғасып келе жатқан «бие байлау» дәстүрі де осы іс-шарада ұйымдастырылады. Әр үйдің маңында желіге қазық қағылып, сары маймен «Желі майлы болсың, мал көбейсін және т.б» ырымдары жасалып,құлынды байлап, алғашқы бие сауу рәсімі барлық үйірде бір уақытта өтеді. Келген қонақтар, әсіресе шетелдіктер мен журналистер әр үйдің осындай тамаша шынайы дәстүрін тамашалап, аса қызығушылық танытып, таңқалып жатады. Түскі уақытқа дейін келеген қонақтар үшін «бие байлау» рәсімі кезектесіп көрсетіледі. Түскі уақыттан кейін, ауыл әжелерінің, қыз –келіншектернің қолдарымен киіз басу, ши тоқу, бау тоқу, арқан есу, күбі ыстау, мал былғау сияқты шеберлік сыныптар көрсетіліп, қонақтар назарына ұсынылады. Шеберлік сыныптарымен қатар, найза лақтыру, садақ ату ойындары да өткізіледі. Дәстүрге лайық ұлттық ойындар ойнатылады. Жазық далада «Асау атты үйрету» және «Жылқыны жығу» әдістері көрсетіледі.

Ұлытау - еліміздің жүрегі, қазақ ұлтының қасиетті бесігі. Ұлытаудың туристік әлеуеті жоғары, бұл жерде нағыз қазақ халқының болмысын, тарихын, өмір салтын, салт – дәстүрі мен әдет-ғұрпын тамашалауға болатын елді мекен. Ұлытауды Қазақстанды танытатын

өлкетану мұражайы ретінде зерттеп, алдағы ауқытта мәдениетімізді және салт-дәстүрімізді танытатын сарқылмас қазына ретінде туристерге таныта аламыз.

#### Әдебиет:

1. [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <https://egemen.kz/article/nursultan.nazarba-ev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhgyu>.
2. «Ұлы Тағзым» ҚҚ, «Салықова» ЖК «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени қорық-мұражайы, Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны 2016.-1256
3. «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 қарашадағы № 1016 қаулысымен мақұлданған //Егемен Қазақстан. - 2008. - 5 қараша (№336-337
4. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының ресми сайты [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <http://www.madenimura.kz/kk/governmentprogram-madenimura/programs-madenimura/>
5. [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: [www.ulytau-akimat.gov.kz](http://www.ulytau-akimat.gov.kz)... Ұлытау ауданының ақпараттық сайты. Ұлытау ауданының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы
6. В. Шупер Ұлытау: Туристік жол көрсеткіші.- Қарағанды «Авалон» тарихи – георгафиялық қоғамы, 2106.-100 б

### РАЗВИТИЕ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ В РАЗВИТИИ ТУРИЗМА В ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

*Баймбетова А.Б., Сатбаева А.К.*

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан  
E-mail: [asel\\_baymbetova@mail.ru](mailto:asel_baymbetova@mail.ru)

Культурный потенциал Республики Казахстан является одним из главных факторов развития туризма, так как знакомство с культурным наследием - это мощнейший побудительный туристский мотив. Объекты культурного наследия это главный и важный актив современных городов, приносящий доход и ощутимо влияющий на экономическое развитие региона. Данный потенциал имеет огромное значение в социальной сфере.

Благодаря культурному наследию Казахстан может заработать благоприятный имидж на туристском рынке. Культурное достояние Республики Казахстан представляет собой огромное количество культурных ценностей, имеющих государственное значение.

По количеству и обилию памятников Казахстан не уступает таким странам как Китай, Индия, странам Ближнего Востока и Средиземноморья. Многие монументы культуры, истории и географические достопримечательности являются памятниками всемирного значения ЮНЕСКО. Историко-культурное наследие Казахстана – это более 25 тысяч недвижимых памятников культуры, археологии, истории, архитектуры и искусства, свыше 2 млн. 56 тысяч единиц историко-культурных ценностей, которые находятся в 89 государственных музеях, около 66 млн. 840 тысяч редких рукописей, книг и других изданий, которые хранятся в 3495 муниципальных библиотеках [1].

В Жамбылском регионе расположены сотни реликвий историко-культурного достояния, так как через него проходил Шелковый путь. В исторических летописях территорию Жамбылской области обозначали как «Чу – Таласская долина», где располагается большая часть значимых для государства артефактов.

Древний город Тараз, которому более 2000 лет, имел особое значение в истории Центральной Азии. На территории этого города находится загадочный дворцовый комплекс, где с 2005 года ведутся археологические раскопки и реставрационные работы. На данный момент "Акыртас" изучен наполовину, был построен визит-центр с современной инфраструктурой.